

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 156

Жеке тектік қоры
7 қаңтар 2004 ж

Хұсаинов Байболат 1917 жылы 20 желтоқсанда Теректі ауылы Орда ауданы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

1932 жылы осы ауданның Азғыр (қазір Атырау облысы) мектеп интернатын бітірді. Мектепті аяқтағаннан кейін Орда аудандық прокуратура, халық сотында хатшылық қызмет атқарды.

1935-1942 жылдары арасында облыстық тал дайындау мекемесінде статист инспекторы, "Екпінді құрылыс" (қазіргі "Орал өңірі") газетінде бөлім меңгерушісі болды.

1942-1951 жылдары Камен (қазіргі Тасқала) ауданында партия комитетінің хатшысы, атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып, 1953 жылы Алматыдағы жоғарғы партия мектебін бітірді.

1953-1957 жылдары Қаратөбе аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1957-1961 жылдары Жымпиты ауданының Абай совхозының партия комитетінде хатшы. Ал, 1963 жылдан 1985 жылдың тамыз айына дейін ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының Жымпиты аудандық комитетінің төрағасы болып 23 жыл бойы бір салада жемісті еңбек жасады.

1985 жылы Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Жұмыс жасаған уақытында екі рет "Айрықша еңбегі үшін", "Ерен еңбегі үшін" медальдарымен сан рет Одақтық, республикалық қоғамдық ұйымдардың құрмет грамоталарымен марапатталды. Мәскеу қаласындағы Жоғарғы партия мектебін бітірген. Бірнеше дүркін аудандық Советтердің депутаты болып сайланды. Сырым ауданының құрметті азаматы.

БҚО Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының бастығы:



Ф.Рамазанов